

Тақырыбы: «Тәліммен өрілген біздің дәстір»

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» дейді қазақ халқы. Отбасында қандай тәрбие көрсе, бала ержеткенде сол тәрбиені қоғамда, өзі жүрген ортасында қолданады. Ата-анасының мейіріміне бөленіп, жақсы мен жаманды ажыратуды үйреніп, санасына игі мақсаттарды, рухани құндылықтарды сіңіріп өскен баладан нағыз елін, жерін сүйген патриот, адамгершілігі мол азамат қалыптасатыны анық. Бала тәрбиесіндегі дәстүрлер, қалыптасқан әдет-ғұрыптар әр отбасында әртүрлі. Жеткіншектің азамат болып өсуіне отбасындағы өзара қарым-қатынастың әсері күшті.

29 ақпан күні «Ата-аналарға арналған бірінғай ашық есік күні» өтті. Отбасындағы дәстүрлер жанұяның психологиялық жағдайының ажырамас бөлігі. Оның балаға деген әсері орасан. Отбасылық дәстүрлер заңмен, белгілі бір актілермен бекітілмейді, ол қоғамдық пікірдің күшімен сақталады және ежелгі ата-дәстүрдің жаңаша жалғасы болып табылады. Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар демекші, көне дәстүрлердің кейбірі өзінің маңызын жоғалтады, ал кейбірі заманына сай өзгеріп, маңызы артып, түрлене түседі. Бұл табиғи процесс. Ежелгі әдет-ғұрыптардың заманауи құбылуы оның тәрбиелік мағынасын жоғалтады деген сөз емес. Көптеген отбасылар өздерінің ережесіне сай, ата-бала дәртүрінен өнеге ала отырып, парасатты әдет-ғұрыптар қалыптастырған. Ол үшін қатты күш салудың қажеті де жоқ. Ол өздігінен атқарыла беретін дүние. Сонымен, бала тәрбиесінде маңызы жоғары отбасылық дәстүрлерге тоқталайық.

Соның бірі – отбасылық кеңес деп аталады. Отбасы мүшелері апта ішіндегі бір күнді белгілеп, үстел басына жиналып, жанұяда болып жатқан барлық мәселені ортаға салады. Шешімін табады. Екіншісі, отбасының табиғат аяғысан шығып тұруы. Балалрды табиғатқа алып шығып, қоршаған ортаны қорғау, таза ұстау, өсімдік пен жан-жануарларға құрметпен қарау, туған жерінің табиғатын сүйуге баулу өте маңызды. Мәселен, қысты күні алғашқы қар жауғанда далаға шығып, аққала жасау, көңілді уақыт өткізу немесе көктем мезгілі туғанда айналаны тазартып, ағаш егу пайдалы, тәрбиелік маңызы жоғары дәстүрлер. Баланың азамат болып қалыптасуында мәдени орындарға барып, танысуы көп әсерін тигізеді. Театр, кино, концерт, мәдени іс-шараларға барып көруі оның таным көкжиегін кеңейтеді. Көптеген отбасыларда мереке күндерін, отбасы мүшелеріне қатысы бар елеулі күндерді атап өту қалыпты жағдайға айналған. Бұл да отбасы үшін маңызды құндылықтың бірі. Ересектер мен балалар біргі мәз-мейрам болып дайындалып, бірге түрлі

ойын-сауықтар ұйымдастырылады. Қонақ күтеді, әр ересекке, әр балаға тапсырмалар беріледі. Мұның бәрі отбасы мүшелерін жақындастырып, ата-ана мен баланың қарым-қатынасын нығайтады. Жақын адамдардың бір-бірін жақсы көре түсуіне себепкер әрі санасында керемет естеліктер қалдыруға көмектеседі. Бала мұндай оқиғалардан өзіне белгісіз жаңа дәстүрлерді үйренеді, үлкендердің келелі әңгімелерінен тағлым алады. Ата-анасына жәрдемдесіп, жауапкершілік алған баланың бойында іскерлік қасиеті дамиды.

Жақсы дәстүрлер әрқашан отбасын біріктіруге жұмыс істейді. Отбасылық мерекелерде әулеттің үлкен-кішісі жиналып, бірліктің үлгісін, арқа-жарқа сөйлесуі бір-біріне бауырмалдықтың көрінісін беріп, өсіп келе жатқан ұрпаққа өнеге көрсетеді.

Осындай мағыналы дәстүрлер өскелең ұрпақтың дұрыс азамат болып қалыптасуына үлкен септігін тигізеді. Алайда, қазіргі заманда балаларына қарауға, отбасылық дәстүрлерді ұстануға уақыты жоқ, жұмысбасты ата-аналар көп. Жалпы ата-аналар бала тәрбиесінде мынадай қателіктерге жол беріп жатады:

Бала 5 жасқа толғанша, яғни мектеп жасына жеткенше оған тұрақты түрде көңіл бөле алмауы; баланы шамадан тыс қорғауына алу, осы орайда «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» деген қазақтың сөзі бар. Үйдегі барлық ересек адамдардың жалғыз кішкентай балаға қатты назар аударуы. Сондай-ақ, күнделікті тұрмыста көпшілік ата-ананың «балама өзім көрген қиындықты көрсетпеймін» деген ұстанымы болатынын байқаймыз. Осы ұстанымды шамадан тыс орындаймын деп балаға жауапкершілік бермеу – қате әрекет.

Ата-ананың рухани жұпыны болуы, ұлттық тәрбие мен этнопедагогика ілімінен мақұрым болуы, отбасы педагогикасы білімінің жеткіліксіз болуы ұрпақ тәрбиесіне кері әсер ететін факторлардың бірі. Бұл адамгершілік нормаларына қайшы ақпаратты тұтынатын, түрлі қатігездікке бейімдейтін контентті пайдаланатын, жан-дүниесі жадау жеткіншекті қалыптастырады. Психолог мамандар ата-аналардың көбіне бала тәрбиесінде жіберетін қателігі: материалдық жағынан қамтып, тәрбие беруді кейінге қалдыру, екінші орынға түсіру екенін айтады.

Баланың тәрбиесі отбасының материалдық жағдайымен өлшенбейді. Бала тәрбиесінде «бір шексіздіктен екінші шексіздікке кетуге болмайтынын» айтады сарапшалыр. Мәселен, соның біріншісі: тым еркінсітіп, өз бетіне қоя беру, қателіктерін түсіндірмеу, шара қолданбау, беталды мақтау болса, оған қарама-қайшы әдіс: аса қаталдық таныту, ұрып-соғу, орынсыз

жазалау, баланың қателігін түсіндірмей, дүрсе қоя беру, қорқыту болып саналады.

Өкінішке орай, осындай қателіктер орын ала бастаған кезде, баланың оқу үлгерімі төмендейді, қоғамдық жұмыстарға қызығушылы сөне бастайды. Ал отбасында бала тәрбиелеу жөнінде түрлі әдебиеттерден оқып, ізденген, бала тәрбиесінің дұрыс әдіс-тәсілдерін айқын түсінген ата-аналардың балаларының қоғамдық белсенділігі әлдеқайда ерте дамиды. Сонымен, отбасындағы тәрбие баланың адам болып қалыптасудағы негізгі баспалдақ. Балада ұлттық таным жүйелі қаланып, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан жағдайда ғана ол ұлт мүддесін ойлайтын, елжанды азамат бола алады. Егер адам отбасының үлкен құндылық екенін түсініп, ата-ана алдындағы парызын өтеуге бейімделген болса, өсе келе ол бұл бағыттың біртіндеп Отан алдындағы борышымен, азаматтық парызына ұласатынын аңғарады.





<https://www.instagram.com/reel/C5TS26Jl18t/?igsh=MXZvYWYwcG50b3M4Yw==>
Тәрбиеші: Исакова Ш.Н